

**ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ
МЕН СПОРТТА ҚОЛДАНУ**
Актаев Серик Куанышбекович

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Әлеуметтік ғылымдар факультетінің «Социология» кафедрасінің 1 курс докторанты
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Үнемі қарқынды өсу үстіндегі заманауи ақпараттық технологиялар жекелеген мекемелерге, сондай-ақ қогамдағы еңбекті ұйымдастыру, еңбекпен қамтудың жаңа формалары үшін ұлкен мүмкіндіктер ашады. Мұндай мүмкіндіктер адам өміріне, отбасыга, білімге, жұмысқа, адамзат қоғамының географиялық шекараларындағы барлық салаларға әсер етуде. Заманауи ақпараттық технологияларды дene шынықтыру және спорт саласында қолданылуы ұлттық спорт түрінде де өзінін орнын табуда.

Ұлттық спорт түрлері – жарыспалы әрекет нысанында тарихи түрде қалыптасқан және өзіне тән дene шынықтыру жаттығуларын және дene шынықтыру белсенділігі ұйымдастырылуының өзіндік қағидалары мен тәсілдері бар халық ойындарын білдіретін спорт түрлері.

Оның ішінде, тоғызқұмалақ – қазақтың ұлттық ойыны, логикалық ойлау өнері, мәдени мұрамыздың жарқын ұлгісі әрі әлемдік мәдениеттің озық ұлгілерінің бірі. Оның жас үрпақ тәрбиесіндегі, ақыл-ойын шындаудағы орны ерекше.

Себебі, ата-бабамыздан сақталып келген ойынның күнделікті өмірде балалар, жасөспірімдер, жастар, ересектер және ардагерлер арасында ойынның таралуы, әр жас ерекшелігіне өзіндік беретін әсері бар.

Тоғызқұмалақ ойынын ойнау барысында ой-санасының шындауымен қатар, екі не одан да көп адам арасында қарым-қатынас туралы түсініктер дамиды.

Бүгінгі күнде тоғызқұмалақты ағаш ойын тақтасында ойнау, тоғызқұмалақ ойынның алаңда ойнау, тоғызқұмалақ ойынның компьютермен ойнау, тоғызқұмалақ ойынның онлайн жүйеде ойнау мүмкіндіктері бар.

Ұлттық зияткерлік ойынның технологиялар арқылы қыр-сырларын ашуға алғаш рет, 2009 жылғы 15 қыркүйегінен тоғызқұмалақты онлайн жүйеде www.iggamecenter.com сайтында, канадалық Арти Санддер, германиялық Ральф Геринг және қазақстандық Серік Ақтаев бірігіп дамытты. Сонымен бірге интернетте қазақ, чех, ағылшын, орыс, түрік тілдерінде сайттар ашылып, жұмыс жасалуда.

2010 жылы тоғызқұмалақтан халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері Диана Кенина мен Серік Ақтаев және бағдарламашы Ернар Шамбаев бірігіп тоғызқұмалақтан тұнғыш компьютер бағдарламасын жасалды.

Заманауи ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін қолдана отыра, 2020 жылдың шілде айында Польшалық www.playok.com сайтында тоғызқұмалақтың жаңа бағдарламасы енгізілді.

The screenshot shows the PlayOK homepage with a search bar at the top containing the text 'тогызкумалақ'. Below the search bar, there's a list of search results:

- шахматы (2924)
- шашки бразил (628)
- го (202)
- гомоку (125)
- домино (668)
- игра в кости (1005)
- короткие нарды (1285)
- бридж (1098)
- дурак (177)
- канаста (1468)
- шашки (136)
- шашки 100 (168)
- людо (376)
- ма-джонг (641)
- мельница (12)
- реверси (94)
- сёги (20)
- пики (704)
- тысяча (4136)
- чеврьи (740)

To the right of the search results, there's a green box with the text 'Video Review. A Vimeo Feature' and a 'Learn More' button. Below the search results, there's a link to 'оваре-манкала, тоғызкумалак, линии'.

Language selection dropdowns show 'Русский' and 'english'.

At the bottom of the page, there are links for 'feedback | contact | kurnik'.

Сайтта 36 тілдің бірін таңдал, ұсынылған 23 ойынның ішінен тоғызқұмалақты ойнауға болады. Заманауи интерфейс онлайн ойындар мен турнир жасауға жаңа мүмкіндіктер ашты.

The screenshot shows a game session for 'тол #100 30м'. On the left, there's a board with 12 holes, each containing 9 black dots. A red box highlights the 7th hole from the left with the text 'ожидаем соперника' (Waiting for opponent). On the right, there's a sidebar with player information:

#1	#2
serikaktayev	#2
0	0:00
0	0:00

Buttons for 'НИЧЬЯ' (Draw), 'сдаться' (Resign), and 'отменить ход' (Cancel move) are visible. Below the board, there are tabs for 'чат' (Chat), 'проток...' (Protocol), 'игроки' (Players), and 'настро...' (Settings). The 'игроки' tab is selected, showing 'serikaktayev' with a rating of 1427. At the bottom, there are buttons for 'пригласить' (Invite), 'выгнать' (Kick), and 'оп: serikaktayev'.

Қала, облыс, республика көлемінде онлайн жаттыгулар өткізу арқылы спортшылар шеберлігін шындалап, тоғызқұмалақ ұлттық зияткерлік ойынның бұқаралық сипаты артуда. Кейбір алыс ауылды мекендерде ойын тақтасының жоқтығы мәселесін онлайн жүйесі шешуде.

Қорыта келгенде, заманауи ақпараттық технологиялардың дene шынықтыру және спорт саласында күнделікті қолданысқа ене отыра, өз септігін тигізуде. Саладағы жаһандану процесстерін жеделдүмен қатар, түрлі мәселелерді шешу жолдарын ашу үстінде.

Әдебиеттер

1. Богданов В.М., Пономарев В.С., Соловов А.В. Использование современных информационных технологий в теоретической и методико-практической подготовке студентов по физическому воспитанию // Материалы Всероссийской научн.-практ. конф. «Физическая культура и спорт на рубеже тысячелетий». – СПб.: СПб. гос. педаг. ун., 2000. - Часть 2. - С. 23-24.
2. Дмитреев А.Е. Повышение эффективности педагогического руководства процессом формирования у школьников умений и навыков: Методы руководства творческой позновательной деятельности учащихся в обучении. – М., 1980
3. Гуревич К.М. умственное развитие: критерии и нормативы - М., 1991